

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Еркін сауда режимінен алулардың күшін кезең-кезеңімен жою туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 218 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Еркін сауда режимінен алулардың күшін кезең-кезеңімен жою туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Ғалым Избасарұлы Оразбақовқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы Еркін сауда режимінен алулардың күшін кезең-кезеңімен жою туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.29. N 66 қаулысымен

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті арасындағы еркін сауда режимінен алулардың күшін кезең-кезеңімен жою туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Министрлер Кабинеті,

1994 жылғы 17 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің, 1997 жылғы 29 желтоқсанда қол қойылған 1994 жылғы 17 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімге Еркін сауда режимінен алулар туралы хаттаманың, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы

келісімнің және 1999 жылғы 2 сәуірде қол қойылған 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың ережелерін негізге ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина арасындағы еркін сауда режимінен алулардың күшін кезең-кезеңімен жою кестесі бекітілсін.

2-бап

Осы Хаттамаға Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен ресімделетін және осы Хаттаманың 3-бабына сәйкес күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3-бап

Осы Хаттама Тараптар оның күшіне енуіне қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағандығы туралы жазбаша хабарламаны соңғысы алған күннен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы _____ каласында әрқайсысы қазақ, украин және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде Тараптардың келіспеушіліктері туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

Қазақстан Республикасының *Украина Министрлер*
Үкіметі үшін *Кабинеті үшін*

200_ жылғы _____

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Украина Министрлер Кабинеті
арасындағы Еркін сауда режимінен
алулардың күшін кезең-кезеңімен

жою туралы хаттамаға қосымша

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украина
Министрлер Кабинеті арасындағы еркін сауда режимінен
алулардың күшін кезең-кезеңімен жою кестесі**

СЭҚ ТН коды	Атауы	Алулардың күшін жою мерзімдері
Қазақстан Республикасына экспорттаған кезде Украинаның еркін сауда режимінен алынуға тиіс тауарларға қатысты		

0102 90	Тірі ірі қара мал	2008 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
0104 10	Тірі қойлар	2008 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
4101	Ірі өзара малдың өңделмеген терісі	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
4102	Қойлардың өңделмеген терісі немесе қозылардың терісі	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
4103 30	Шошқаның өңделмеген терісі	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
Украинадан импорттаған кезде Қазақстан Республикасының еркін сауда аймағы режимінен алынуға тиіс тауарларға қатысты			
2203	Ашытылған сыра	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
2204	Күшейтілгендерін қоса алғанда, табиғи жүзім шараптары, 2009-тауар позициясында көрсетілгеннен басқа жүзім ашытқысы	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
2205	Өсімдіктер немесе хош иісті заттар қосылған вермуттар және өзге де табиғи жүзім шараптары	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
2206	Ашытылған өзге де сусындар (мысалы, сидр, перри немесе алмұрт сидрі, балды сусын); басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген ашытылған сусындардан жасалған қоспалар және ашытылған сусындар мен алкогольсіз сусындардан жасалған қоспалар	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
2207	Спирттің қоспасы 80 айн. % немесе одан астам ұйытылмаған этил спирті; этил спирті және ұйытылмаған, кез келген қоспадағы өзге де спирттер	2009 1 шілде	ЖЫЛҒЫ
2208	Спирттің қоспасы 80 айн. %-дан кем ұйытылмаған этил спирті; спиртті тұнбалар, ликерлер және өзге де спиртті сусындар	2009 1 шілде	ЖЫЛҒЫ
	мыналардан басқа:		
2208 60	Арак	2008 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ
24	Темекі және темекінің өнеркәсіптік алмастырғыштары	2007 1 қаңтар	ЖЫЛҒЫ